

Қазақстан Республикасы  
Президент Әкімшілігі  
Басшысының  
2010 жылғы 29 желтоқсандағы  
№01-39.135 бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігінің 2011-2015 жылдарға арналған  
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Астана, 2010 жыл

## **1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің миссиясы және пайымдауы**

**Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) миссиясы** – қаржы нарығының және қаржы ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және жалпы қаржы жүйесіне деген сенімділікті қолдау, қаржылық қызмет көрсетулерді тұтынушылардың мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету, қаржы нарығында адал бәсекелестікті қолдауға бағытталған қаржы ұйымдарының қызметі үшін бірдей жағдай жасау болып табылады.

**Агенттіктің пайымдауы** – қаржы институттарының және қаржы нарығының тәуекелдердің барынша төменгі деңгейімен және 2015 жылға қаржы ұйымдарының капиталдануы деңгейін Еуропа Одағының дамушы және дамыған елдерінің деңгейіне дейін жеткізумен тұрақты және орнықты дамуы перспективасы.

## **2. Ағымдағы ахуалды талдау**

*1-стратегиялық бағыт. Институционалдық нағая мен даму арқылы халықаралық стандарттарға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалаудың тиімділігін арттыру*

### *1.1 Саланы дамытудың негізгі өлшемдері*

Қаржы секторының дамуында қадағалау органының кадрлық әлеуетін дамыту маңызды роль атқарады, өйткені жалпы қадағалау органы қызметінің тиімділігі кадр ресурстарының сапасына байланысты.

2008 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1270 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» 2008 жылғы 23 сәуірдегі Жарлығына сәйкес ұтымды ұйымдық құрылымын қалыптастыру үшін Агенттіктің штат санының лимиті 72 бірлікке көбейтілді, соның нәтижесінде штат саны 490 бірлік болды. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған органдардың штат санын оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 1072 Жарлығына сәйкес Агенттіктің штат санының лимиті ағымдағы жылғы 1 қарашадан бастап 15%-ға қысқартылды, осыған байланысты Агенттіктің штат саны 416 бірлік болды.

2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Агенттік қызметкерлерінің іс жүзіндегі саны 413 адам болды (2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 459 адам, 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 350 адам болды). 2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша кадрлармен жасақталуы 99,3 % құрады (2009 жылы – 93,7%, 2008 жылы – 83,7%). Агенттік қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтегі орташа өтілі 5,1 жыл болды.

Кадр саясатын серпінді жүзеге асыру, жұмысқа тиісті қызмет салалары бойынша терең білімі бар және функционалдық міндеттерін кәсіби деңгейде атқаруға қабілетті тұлғаларды таңдау мақсатында 2009 жылы Агенттік әкімшілік мемлекеттік лауазымдардың 15 бос орнына конкурс өткізді. Конкурсқа 230-дан астам адам қатысты. Бұл ретте, аталған конкурстың нәтижесі бойынша бос лауазымдық орынды алу құқығы 13 үміткерге берілді, әкімшілік мемлекеттік қызметтің кадрлық резервіне 13 адам есепке алынды. 2010 жылы Агенттік әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға конкурс өткізген жоқ, 17 адам әкімшілік мемлекеттік қызметінің кадрлық резервінен қабылданды, олардың 10-ны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің «Іскерлік әкімгершілік магистрі» (МВА) бағдарламасы бойынша магистратурасының түлектері болып табылады.

Агенттіктің қызметін зерделеу негізінде арнайы пәндерді оқыған кезде алынған білімін бекіту, кеңейту және жүйелендіру, таңдаған мамандық бойынша бастапқы іс-тәжірибе алу аясында 2010 жылғы үш тоқсанда Агенттікке оқу-өндірістік практикаға еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарынан 80 озат студент қабылданды. Сонымен қатар, Агенттік Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің «Іскерлік әкімгершілік магистрі» (МВА) бағдарламасы бойынша оқу жоспарларын әзірлеуге белсенді қатысады.

Агенттік мамандарының кәсіби деңгейін үздіксіз көтеру қызметкерлерді басқаруда маңызды міндеттердің бірі болып табылатынын атап көрсету керек. Мысалы, теориялық және тәжірибелік білімдерін, шеберлігін және дағдыларын қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес жаңарту үшін, сондай-ақ мамандардың өз лауазымдық міндеттерін тиімді орындауы үшін 2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 258 қызметкері әртүрлі тренингтерден және семинарлардан өтті. Оның ішінде Агенттіктегі ішкі оқудан 145 қызметкер, Қазақстан Республикасында – 51 қызметкер, басқа мемлекеттерде - 58 қызметкер өтті. Бұл ретте Агенттіктің құрылымдық бөлімшелерінде тағылымдамадан 4 қызметкер өтті. Бұдан басқа, Агенттіктің 30 қызметкері Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында оқыды.

2010 жылы Мемлекет басшысының мемлекеттік органдарда сапа менеджменті жүйесін енгізу бойынша қойған міндеттерін орындау мақсатында Агенттік іс жүзінде бар сапа менеджменті жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстарды жалғастырды. Мысалы, 2010 жыл бойы Агенттікте құрылымдық бөлімшелердің ішкі тексерулері мен сапа менеджменті

жүйесінің аудиті жүргізілді. Сонымен бірге, бір қатар жаңа рәсімдер қайта қаралып, белгіленді. 2009 жылғы қазан айында «Русский регистр» сертификаттау қауымдастығы (Санкт-Петербург қаласы) сертификаттау органының Агенттіктің сапа менеджменті жүйесін тексеруі нәтижесінде сапа менеджменті жүйесінің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалауға қатысты ИСО 9001:2000 ХС стандартына Сәйкестік сертификаты расталды.

Агенттік келешекте басшылықтың тарапынан сапа менеджменті жүйесіне талдауды дайындау бойынша, ішкі нормативтік құжаттарды жетілдіру және ИСО 9001:2008 ХС талаптарына сәйкес келтіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыратын болады.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І Заңын және Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында Агенттік басшысының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінде іс қағаздарын, есеп беру-статистикалық, қаржылық құжаттаманы жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру туралы» 2007 жылғы 22 қаңтардағы № 28 бұйрығы және «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөнінде Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің 2010 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» 2010 жылғы 13 қаңтардағы № 2 бұйрығы бекітілді.

### *1.2 Негізгі проблемаларды талдау*

2011-2015 жылдарға арналған жоспарларда Агенттікті институционалды күшейту аясында Агенттіктің құрылымын және еңбектің соңғы нәтижесіне бағытталған қызметкерлерді уәждеу жүйесін әрі қарай жетілдіру көзделеді. Бұл ретте, Агенттіктің кадр саясатының негізгі бағыты қызметкерлерді қайта дайындау және біліктілігін арттыру және уәждеу арқылы қадағалау органының кадр құрамының кәсіби деңгейін көтеру болып қалады.

Бизнес үдерістерді оңтайландыру және Агенттіктің қызметінде ақпараттық технологияларды қолдану деңгейін көтеру (бизнес-үдерістерді оңтайландыру) жөніндегі міндеттерді іске асыру мақсатында 2015 жылға дейін мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізілетін болады. Агенттік әкімшілік тосқауылдарды төмендету бойынша жүргізілетін жұмыс аясында жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін Мемлекеттік қызмет көрсету тізіліміне енгізілген қызмет көрсетулер тізбесін жасады. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электронды түрде көрсету стандарттарды, регламенттерді әзірлеу және қызметін бағалау жөніндегі жұмыстар жалғастырылады.

### *1.3 Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау*

Жалпы кадр саясатына, нақты бағдарламалардың және кадрлық іс-шаралардың мазмұны мен ерекшелігіне екі түрлі фактор – ұйымға қатысты сыртқы және ішкі факторлар ықпалын тигізеді.

#### *Ішкі орта факторлары*

Агенттікте құрылған күннен бастап, дифференцияланған еңбек ақы төлеу жүйесі қолданылады, ол өз кезегінде, Агенттіктің қызметкерлері үшін негізгі үждемелік фактор болып табылады. Агенттік қызметкерлерінің дифференцияланған еңбекақы төлеу жүйесі мынадай мақсаттарға жетуге бағытталған:

- 1) кәсіби кадр әлеуетін сақтап қалу;
- 2) білікті қызметкерлерді ынталандыру;
- 3) қызметкерлердің еңбекақысын еңбекті бағалау қорытындысының негізінде белгілеу;
- 4) Агенттіктің міндеттері мен функцияларын орындауға қосқан үлестеріне қарай қызметкерлерге сыйақы беру.

Агенттік өз қызметінде мемлекеттік гендерлік саясатты басшылыққа алады және ұстанады, шешім қабылдау деңгейінде гендерлік баланс сақталады. Мысалы, Агенттіктің басшы құрамының 52 лауазымының 31 лауазымына (60%) әйелдер тағайындалған, бұл өз кезегінде әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі Пекин іс-қимылдар платформасының (1995 жылы) талаптарына сәйкес шешімдер қабылдау деңгейінде өкімет органдарында әйелдер өкілдігінің 30 пайыздық балансына жету қағидатына сәйкес келеді. Сондай-ақ, кадрлық мәселелерді шешуде де гендерлік теңдік қамтамасыз етіледі, бұл орындаушылар деңгейіндегі қызметкерлердің сандық құрамымен дәлелденеді, орындаушы құрамы қызметкерлерінің 279 лауазымы ішінде 180 орынды әйелдер (64,5%) алады.

Агенттіктің кадр саясатын жетілдіру саласында Агенттікті институционалды нығайтудың және дамытудың құрамдас бөлігінің бірі ретіндегі негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

жоғары кәсіптілікті және басқарушылық үдерістерінің мәдениетін қалыптастыру, қызметінің барлық салаларын білікті, белсенді және адамгершілігі жоғары қызметкерлермен толықтыру;

қызметкерлердің зияткерлік - кадрлық әлеуетін барынша тиімді пайдалану, оны сақтап қалу және дамыту;

әрбір қызметкердің кәсіби және қызмет бабындағы өсуін жан-жақты ынталандырып, оның өз қабілетін көрсетуіне, позитивті мүдделерін және жеке жоспарларын іске асыруына қолайлы жағдай жасау мен кепілдіктерді беру, еңбек тиімділігін арттыру.

#### *Сыртқы орта факторлары*

##### *Нормативтік шектеулер*

Әдеттегі еңбек қызметінен ерекшеленетін мемлекеттік қызметтің өзгешелігі мен ерекшелігі арнайы құқықтық реттеуді талап етеді, ол мемлекеттік қызмет туралы заңнамамен жүзеге асырылады. Еңбек заңнамасында көзделген тәртіпке қарағанда елеулі ерекшеліктері мен айырмашылықтары мемлекеттік азаматтық қызметке қабылдау тәртібіне де тән. Бұл айырмашылықтардың объективті сипаты бар.

Мемлекеттің әлеуметтік және құқықтық институты мен басқару органы ретіндегі даму тарихы қоғам өзін көбінесе мәдениетті, білікті және осыған қабілетті азаматтар басқарғанына ұмтылатынын дәлелдейді. Адамзат ғасырлар бойы басқаруға қатысты адамдарға жоғары талаптарды белгіледі, мемлекеттік қызметшілердің білікті құрамын қалыптастыруды қамтамасыз ететін тәсілдерді, әдістерді және тетіктерді әзірледі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңына сәйкес Агенттікте бос әкімшілік мемлекеттік орындарға тағайындау 1999 жылғы 24 қарашадағы №А-202 Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізудің қағидасына сәйкес конкурстық негізінде ғана жүзеге асырылады.

#### *Еңбек нарығындағы жағдай*

Адам еңбек нарығының субъектісі ретінде өзінің жұмыс күшін мейілінше пайдалы сатуға мүдделі, бұл кәсіпқойлығын арттыруды ынталандырады, қызметкердің жақсы еңбек жағдайына ұмтылысына күшті уәждеме жасайды. Жұмыс күшінің кәсібилік қасиеттерінің өсуіне және еңбекке деген әлеуетті қабілетін көрсетуге ынталандырудың басқа түрі – еңбек нарығында бос жұмыс күшінің болуынан туындайтын бәсекелестік болып табылады.

*2-стратегиялық бағыт. Банк секторының қаржылық тұрақтылығын және бәсекелестік қабілеттілігін нығайту, реттеу мен қадағалау жүйесін жалпы әлемдік қадағалау стандарттарына жақындату*

#### *2.1 Сала дамуының негізгі параметрлері*

Бүгінгі күні банктік қызмет көрсету секторы бұрынғыдай еліміздің қаржы секторының ең ірі және басым сегменті болып қалуда. Мысалы, 2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Қазақстанда 38 банк<sup>1</sup> жұмыс істейді.

Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық активтері 2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 12 134,0 млрд. теңге құрайды, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфелі 9 174,0 млрд. теңге құрайды.

---

<sup>1</sup> - Агенттік Басқармасының 2010 жылғы 9 тамыздағы № 114 қаулысымен «Мастербанк» АҚ-на «Мастер-Кредит» кредиттік серіктестігі» ЖШС қайта құрылу нысанында ерікті қайта ұйымдастыруға рұқсат берілді.

Банктердің кредиттік портфелінің құрылымында 2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі - 26, %, күмәнділердің үлесі - 51,5%, ал үмітсіздердің үлесі - 23,1% құрады (өз міндеттемелерін қайта құрылымдаудан өткізген 3 ЕДБ қоспағанда үмітсіз кредиттердің үлесі 2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 10,8% құрады). 5 санаттағы күмәнді және үмітсіз заемдары (бірыңғай кредиттер портфелі бойынша провизияларды ескергенде) ЕДБ несиелік портфелінің 33,6% құрады (абсолюттік көрсеткішпен - 3 079,9 млрд. теңге).

90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттердің сомасы 2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 2 387,4 млрд. теңге болды, олардың кредиттік портфельдегі үлесі 26% құрады. Бұл ретте банктермен қалыптастырылған провизиялар - 2 996,3 млрд. теңгені немесе кредиттік портфелінің 32,7% құрады.

Банк жүйесінің жиынтық активтеріндегі жоғары өтімді активтердің үлесі 2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 21,8% құрады.

Тартылған банктер клиенттерінің салымдары (SPV салымдарын қоспағанда) 2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ағымдағы жыл басынан 958,9 млрд. теңгеге немесе 16%-ға өсіп, абсолюттік көрсеткішпен 6 962,7 млрд. теңгені құрады. Банктермен тартылған салымдар құрылымындағы заңды тұлғалардың салымдары (SPV салымдарын қоспағанда) ағымдағы жыл басынан 716,2 млрд. теңгеге (17,6%) өсті, ал жеке тұлғалардың салымдары – 242,8 млрд. теңгеге (12,5%) өскен. Сонымен бірге, тартылған салымдардағы (SPV салымдарын қоспағанда) шетел валютасындағы салымдардың үлесі 2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 38,4% құрады (2010 жылғы 1 қаңтарда - 47,7%).

ЕДБ кірістерінің жиынтық сомасы 2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 5 488,1 млрд. теңге құрады, ал есепті күнге шығыстар сомасы 4 018,3 млрд. теңге құрады (есепті күнге 8,9 млрд. теңгені құраған табыс салығын есепке алмағанда). Банктердің пайдасы 2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 1 460,9 млрд. теңгені құрады.

## *2.2. Негізгі проблемаларды талдау*

Қайта құрылымдауды табысты өткізу нәтижесінде үш қазақстандық банктің «БТА Банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ және «Темірбанк» АҚ сыртқы берешегі елеулі ірі сомаға – 12 миллиардтан астам АҚШ долларына<sup>2</sup> төмендеген, бұл әрине банк секторының сауығуына ықпал етеді және отандық қаржы нарығының жалпы ахуалына оң әсерін тигізеді. Бұл ретте қайта құрылымдаудың оң нәтижелері қазіргі уақыттың өзінде белгілі болып отыр.

Мысалы, 2010 жылғы 1 қарашада банк секторының есептелген жиынтық меншікті капиталы жыл басынан 851,8 млрд. теңгеге өсіп, 1 763,4 млрд. теңгені құрады, сөйтіп оң шамаға жетті.

---

<sup>2</sup> «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ деректері бойынша

Сонымен бірге, 2010 жылы банктердің жиынтық міндеттемелеріндегі үлесі 2010 жылғы 1 қаңтардағы 33,6% қарағанда 2010 жылғы 1 қарашада 23,5%-ға дейін төмендеген, бұл банк секторының сыртқы борышының таргеттелетін деңгейінен (30%) төмен.

Қазіргі уақытта банк секторында байқалатын жағымды үрдісі ретінде жалғасып келе жатқан сыртқы қаржыландыруды ішкі депозиттер сияқты ішкі қаржыландыру көздерімен алмастыруды атап көрсетуге болады. Атап айтқанда, жыл басымен салыстырғанда, ішкі депозиттер (жеке және заңды тұлғалардың салымдары<sup>3</sup>) 2010 жылғы 1 қарашада 6 962,7 млрд. теңге мәніне жетіп, 16%-ға өсті.

Сонымен бірге, байқалатын тұрақтылыққа қарамастан банк секторындағы жағымсыз құбылыстар әлі де орын алуда. Атап айтқанда, қазіргі уақытта жоғары кредиттік тәуекелдер әлі сақталуда, соның салдарынан қазақстандық банктердің кредиттік белсенділігі төмен болып қалуда. Мысалы, ағымдағы жыл басынан екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельі 2010 жылғы 1 қарашада 9 174,0 млрд. теңгені құрап, 464,9 млрд. теңгеге немесе 4,8%-ға төмендеді.

Бұдан басқа, банк секторы үшін орташа мерзімді перспективада ең өзекті проблемалардың бірі кредиттік портфель сапасы проблемасы болып қалады. Атап айтқанда, банктердің кредиттік портфельі құрылымындағы жұмыс істемейтін кредиттердің үлесі 2010 жылғы 1 қарашада жоғары деңгейде - 33,6% (2010 жылғы 1 қаңтарда 36,5%) тұр.

Сонымен бірге, банк секторында кредиттік портфель сапасының нашарлау қарқыны біртіндеп бәсеңдейді, бұл резервілеу деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Мысалы, кредиттік портфель бойынша ықтимал шығындарды жабуға аранлған резервтер мөлшері 2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 2 996,3 млрд. теңгені немесе жиынтық несиелік портфельдің 32,7% құрады (2010 жылғы 1 қаңтарда – жиынтық несиелік портфельдің 37,7%).

Қысқа мерзімді перспективада қазақстандық банктердің кредиттік портфельінің елеулі өсуі болжанбайды. Мысалы, банктердің өздерінің кредиттік саясатын жалпы қайта пайымдауы аясында кредиттік портфель баяу және біртіндеп өсетін болады. Атап айтқанда, кредиттеудің өсуі экономиканың негізгі салаларының дағдарыстың салдарынан тез арада қалпына келуіне де, осыған ілесетін сапалы заемшылар санының көбеюіне де, банктердің кредиттік портфельдің сапасы проблемаларын шешуіне де байланысты болады.

Қазіргі уақытта банк секторының ағымдағы өтімділігі жоғары деңгейде сақталып келеді (2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша банк секторының жиынтық активтеріндегі жоғары өтімді активтердің үлесі 21,8% құрады). Бұл ретте, 2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 1 айдан бастап 1 жылға дейінгі диапазондағы банктердің кумулятивтік ГЭП-

---

<sup>3</sup> SPV есепке алмағанда

ұстанымы жалпы банк секторы бойынша 86,5 млрд. теңге оң шаманы құрады, бұл қысқа мерзімді өтімділігінің тапшылығы бар банктер жағдайының жақсаруы сақталып келетінін дәлелдейді.

Қазіргі уақыттағы ағымдағы өтімділіктің жоғары маңызын екінші деңгейдегі банктердің бос ресурстарын жоғары өтімді активтерге салуды (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі депозиттер, мемлекеттік бағалы қағаздар және т.б.) артығырақ көруімен түсіндіруге болады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі банктердің өзінің депозиттерінде бос ресурстарды жинақтауын және жоғары өтімді активтердің көлемін өсіруін ынталандырмау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде орналастырылатын банктердің депозиттері бойынша ставкаларды төмендетті.

Қазіргі уақытта болып жатқан кредиттік портфель сапасының нашарлау қарқыны баяулауы аясында резервілеу деңгейінің төмендеуі банк секторында пайданың жинақталуына әкеледі. Мысалы, 2010 жылғы 1 қарашада табыс салығын төлегеннен кейін жиынтық кіріс 1 460,9 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте банктер кескінінде теріс қаржы нәтижесінің болуы белгіленбеген.

Осыған байланысты дағдарыстан кейінгі кезеңде акцент, бұрынғыдай, клиенттердің сенімін сақтап қалу (салымдарды тарту), өтімділіктің тиімді деңгейін қамтамасыз ету, капиталдануды нығайту, тәуекелдерді барабар бағалау, провизиялардың тиісті деңгейін қалыптастыру, стресс-тестілеу жүргізу және қадағалау органының инспекторлық қызметін жетілдіру сияқты бағыттарға жасалады.

Тәуекелдерді барынша төмендету және ұлттық банк секторы қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында шоғырландырылған негізде банк секторын дамыту, қаржы ұйымдарының және банк холдингтерінің корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйелерінің деңгейін көтеру айтарлықтай маңызды болып табылады.

Банк секторының дамуы халықаралық тәжірибенің негізінде, банктік реттеудің халықаралық стандарттарын енгізу, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің қадағалау органдарымен өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылатын болады.

### *2.3 Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау*

#### *Ішкі факторлар*

- 1) жұмыс істемейтін кредиттердің жоғары деңгейі (атап айтқанда, ипотекалық, тұтынушылық заемдар мен сауда секторына берілген заемдар бойынша);
- 2) меншікті капиталдың жеткіліксіз деңгейі;
- 3) өтімділіктің жеткіліксіз деңгейі (жиынтық ГЭП мәні - теріс);
- 4) тиімсіз тәуекел-менеджмент.

### *Сыртқы факторлар*

- 1) экономикада борыштық ауыртпалықтың жоғары деңгейі, айқын меншік құрылымы және бизнесі бар заемшылардың жоқтығы;
- 2) жылжымайтын мүлік нарығында алыпсатарлық бөлігінің жоғары болуы;
- 3) борыштық капитал нарығындағы төмендеу және пайыздық спрэдтердің жоғары деңгейі;
- 4) ұлттық валютаның девальвациясы;
- 5) заңды тұлғаларды қайта құрылымдау жөніндегі заңнаманың тиімсіздігі.

Кредит төлеуге қабілетті, қаржылық жағдайы тұрақты, борыштық ауыртпалығының көлемі төмен заемшылардың болмауына байланысты банктер, қысқа мерзімді өтімділіктің артығымен болуына қарамастан, консервативтік кредиттік саясат ұстанады.

Бұдан басқа, Қазақстан экономикасының және қаржы секторының тұрақты жұмыс істеуіне ең үлкен қауіп төндіретін мынадай сыртқы факторлар:

АҚШ долларының елеулі төмендеуі немесе ұлттық валютаның нығаюы;

қор және тауар активтері бағаларының коллапсы. Нақты активтердің (коммерциялық және жекеменшік жылжымайтын мүлік, көмірсутекті шикізат) бағалары күрт өскен жағдайда активтер бағаларының коллапсы тәуекелі күшейе түседі.

Сондай-ақ, бүгінгі күні сақталып келе жатқан кейбір еуроаймақ елдерінің жоғары тәуелсіз тәуекелдері алаңдатушылықты туғызады. Атап айтқанда, ХВҚ «Әлемдік экономика дамуының перспективалары» бюллетеніне (2010ж. шілде) сәйкес қысқа мерзімді перспективада негізгі тәуекел қаржылық шиеленісушілік эскалациясына және тәуелсіз тәуекелге байланысты үдеп келе жатқан алаңдаушылықтан туындаған тізбекті реакция салдарына байланысты болады. Бұл ретте, әдеттегідей, банктердің өзі тәуелсіз борыш ұстаушылары болғандықтан, еуроаймағы елдерінің тәуелсіз борыш проблемаларының күшеюі, бірінші кезекте, еуроаймақ елдерінің банк секторының тұрақтылығына әсер етуі мүмкін. Осы тұрғыдан ХВҚ бағалауы бойынша 2010-2014 жылдары еуропа банктері америкалық немесе британдық<sup>4</sup> банктерге қарағанда активтерді көбірек шығынға жазуы тиіс болатынын атап өту керек.

<sup>4</sup> Global Financial Stability Report, April 2010, ХВҚ деректері бойынша

*3-стратегиялық бағыт. Сақтандыру нарығының дамуы және ең озық халықаралық тәжірибенің негізінде сақтандыру қадағалауды жетілдіру*

### *3.1 Саланы дамытудың негізгі өлшемдері*

Еліміздің қаржы нарығында 40 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, 13 сақтандыру брокері, 63 актуарий жұмыс істейді. Сақтандыру секторының көрсеткіштері оң динамика үрдісін сақтап келуде, бұл міндетті сақтандыру түрлері бойынша жинақталған сыйлықақылардың тұрақты өсуінің, алдыңғы жылдары жинақталған жоғары капиталданудың, консервативті инвестициялық саясаттың нәтижесінде болды. Мысалы, сақтандыру секторының активтері ағымдағы жыл басынан 12,9% немесе 38,3 млрд. теңгеге өсіп, 2010 жылғы 1 қарашада 335,5 млрд. теңге құрады, сақтандыру секторының меншікті капиталы осыған ұқсас кезеңде 12,0%-ға өсіп, есепті күнге 202,2 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте сақтандыру резервтердің сомасы 2010 жылғы 1 қаңтардағы 101,0 млрд. теңгеге қарағанда, есепті күнге 117,7 млрд. теңгені құрап, сонымен 16,5%-ға өсті. Міндеттемелер сомасы 2010 жылғы 1 қаңтардағы 116,8 млрд. теңгеге қарағанда, есепті күнге 133,4 млрд. теңге құрады, сонымен 14,2%-ға өскен.

Тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылардың көлемі 2009 жылғы 1 қарашамен салыстырғанда 27,9%-ға өсіп, 2010 жылғы 1 қарашада 114,0 млрд. теңгені құрады. Оның ішінде, міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылардың көлемі 30,6 млрд. теңге (өсуі 14,9%), ерікті жеке сақтандыру бойынша – 28,2 млрд. теңге (өсуі 56,6%), ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 55,2млрд. теңге (өсуі 24,0%) құрады.

Тікелей сақтандыру шарттары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерінің көлемі 2009 жылғы 1 қарашаға қарағанда 11,6% төмендеп, 2010 жылғы 1 қарашада 20,9 млрд. теңге құрады. Оның ішінде, міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің көлемі 8,0 млрд. теңге құрады (2009 жылғы 1 қарашада – 6,6 млрд. теңге), ерікті жеке сақтандыру бойынша 10,6 млрд. теңге (2009 жылғы 1 қарашада – 6,8 млрд. теңге) және ерікті мүліктік сақтандыру бойынша - 2,4 млрд. теңге (2009 жылғы 1 қарашада – 10,3 млрд. теңге).

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылардың көлемі 48,2 млрд. теңгені, сақтандыру сыйлықақылардың жиынтық көлемінің 42,3% құрады. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақылардың жиынтық көлеміндегі резидент еместерге қайта сақтандыруға тапсырылған сақтандыру сыйлықақылардың үлесі елеулі болып қалуда (37,9%), бұл сақтандыру ұйымдарында ірі тәуекелдерді ұстап қалу үшін жеткілікті сыйымдылықтың болмауымен және ішкі қайта сақтандыру нарығының жеткіліксіз дамуымен түсінуге болады.

### *3.2. Негізгі проблемаларды талдау*

Екінші деңгейдегі банктер өздерінің еншілес ұйымдары арқылы қазақстандық сақтандыру нарығына оның қалыптасуы кезеңінде айтарлықтай ықпалын тигізді. Екінші деңгейдегі банктер қызметінің дағдарысқа дейінгі экономиканы кредиттеуге, оның ішінде жеке тұлғаларға кредиттеудің ипотекалық және тұтынушылық бағдарламалары бойынша заем беруге байланысты белсенуі мүлікті, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру, жазатайым оқиғалардан сақтандыру және өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылар көлемінің өсуіне әсер етті. 2004 жылы нарық бойынша сақтандыру сыйлықақылардың өсімі -39%, 2005 жылы -68%, 2006 жылы -79% құрады.

Банктердің кредиттеу көлемінің төмендеуі нәтижесінде 2007 жылдың ортасынан бастап сақтандыру нарығының өсуі қарқынының баяулағаны байқалады. 2008 жылдың қорытындысы бойынша алдыңғы жылмен салыстырғанда сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің төмендеуі 9% болды, 2009 жылғы - 15%.

Банк секторындағы және бағалы қағаздар нарығындағы қаржы құралдарының құны мен сапасының төмендеуіне, оның ішінде акциялардың баға белгілеуінің төмендеуіне, эмитенттердің облигациялар бойынша дефолттарға жол беруіне, халықаралық рейтинг агенттіктерінің екінші деңгейдегі банктердің және басқа эмитенттердің кредиттік рейтингтерін төмендетуіне байланысты жағдай сақтандырушылардың инвестициялық және кредиттік тәуекелдерін көбейтуге әсерін тигізді. Қаржы-экономикалық дағдарыс кезеңінде сақтандыру ұйымдары бағалы қағаздарды қайта бағалау және күмәнді борыштар бойынша резервтер құруда шығыстарға тап болды.

Отандық қайта сақтандыру нарығы ерекше және шағын тәуекелдер нарығы болып табылады. Отандық сақтандыру ұйымдарының қандай болса да капиталдануы өздерінің меншікті ұстауында үлкен тәуекел көлемдерін алып қалуға мүмкіндік бермейді, сондықтан тәуекелдердің негізгі бөлігі резидент еместерге қайта сақтандыруға тапсырылады.

Қайта сақтандыру бөлігінде 2000 жылдан бастап отандық сақтандырушылар резидент емес қайта сақтандырушыларға қайта сақтандыруға 390 млрд. теңге сомасына сақтандыру сыйлықақыларын тапсырды, бұл ретте сақтандыру жағдайы бойынша өтем ақы ретінде 33 млрд. теңге алынды. Сыртқы қайта сақтандыру статистикасы отандық сақтандыру ұйымдарының қайта сақтандыру қызметінің тиімсіздігін дәлелдейді. Қайта сақтандырудың төмен нәтижелілігінің себептері сақтандыру секторының төмен капиталдануы, тиімсіз қайта сақтандыру саясаты, қаржы топтарының активтерін шығару және кірістерін оңтайландыру үшін «тәуекелсіз» қайта сақтандыру схемаларын пайдалану болуы мүмкін.

Тиімсіз қайта сақтандыруды жүзеге асыру проблемасы қайта сақтандыру арналары арқылы ресурстардың шектен тыс кетуі отандық сақтандыру нарығы капиталдануының өсуін шектейтіндігі және жалпы сақтандыру нарығының толыққанды дамуына кедергі жасауы болып табылады.

Бұдан басқа, шығындылық статистика көрсеткендей, сақтандыру тарифтерінің, әсіресе жекелеген сақтандыру өнімдері бойынша тарифтердің көтеріңкі болу проблемасы орын алады. Осындай проблеманың себебі соның негізінде сақтандыру тарифтері есептелетін толық қанды шығындар статистикасының болмауы. Сонымен қатар, проблема халықтың кірістерінің орташа деңгейін ескере отырып, тұтынушылардың мүмкіндігіне сәйкес келетін жаңа сақтандыру өнімдерін енгізу күрделілігіне, сондай-ақ осы сегменттегі төмен бәсекелестікке байланысты болуы мүмкін. Бұл ретте жекелеп сақтандырудың дамуын тоқтататын негізгі фактор корпоративтік клиенттерді сақтандырудың жоғары рентабельділігі болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның сақтандыру секторы алдыңғы екі жылда сақтандыру сыйлықақыларының тиісінше 9% және 15% біртіндеп төмендегеннен кейін жағымды өсу динамикасын көрсетуде.

Еліміздің сақтандыру секторына тән қысқа мерзімді перспективада жекелеп сақтандыру нарығының дамымауы проблемасы болып қалуда, бұл жалпы халықтың кірістерінің төмен деңгейі, сондай-ақ халықтың сақтандыру мәдениетінің және сақтандыру сауаттылығының дамуы дәрежесі жеткіліксіз болуы сияқты факторларға байланысты болады. Сондай-ақ, өмірді сақтандыру нарығын дамыту мәселесі де өзекті болып қалуда.

Осыған байланысты реттеушінің сақтандыру нарығын реттеу саласындағы қызметі халықтың сақтандыру жүйесіне деген сенімділігін арттыруға, сақтандыру нарығының тұрақты дамуын сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын және қызметінің айқындылығын арттыру жолымен сақтандыру нарығының тұрақты дамуын қолдауға бағытталатын болады.

Бұдан басқа, Агенттік сақтандыру ұйымдарының пруденциалдық реттеуін халықаралық стандарттар негізінде жетілдіру бойынша жұмыстарын жалғастыратын болады. Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қызметінің құқықтық негіздері жасалатын болады.

Отандық қайта сақтандырушылардың қайта сақтандыру қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі № 338-IV Заңына сәйкес әрбір тәуекел түрі мен бизнестің бағыты бойынша тәуекелдердің жиілігіне және ауыртпалығына қарай өздігінен ұстап қалудың дифференциалданған лимиттерін белгілеу көзделген.

### *3.3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау*

#### *Ішкі факторлар*

Сақтандыру нарығының ерекшелігі оның қызметі сақтандыру статистикасын пайдаланумен тығыз байланысты болуында. Бүгінгі күні сақтандыру статистикасының толыққанды базасының болмауы отандық сақтандыру нарығының дамуына кері әсерін тигізетін факторлардың бірі болып табылады және сақтандыру ұйымдарына тәуекелдерді сақтандыруды бағалаудың тиімділігін арттыруға, барабар сақтандыру резервтерін, тарифтерді, сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді есептеуге мүмкіндік бермейді, сондай-ақ сақтандыру алаяқтығы факторларының көбеюіне әсерін тигізеді.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасында сақтандырудың әсіресе өмірді сақтандырудың дамуына халықтың табысының деңгейі жеткіліксіз болуы, сақтандыру қызмет көрсетулерін тұтынушылардың сақтандыру жүйесіне деген сенімділігінің болмауы, сенімді қаржы құралдарының шектеулі болуы, сондай-ақ ірі өндірістік тәуекелдерді сақтандырған кезде көрініс алатын сақтандыру ұйымдарының капиталдануының жеткіліксіз болуы кедергі жасайды.

#### *Сыртқы факторлар*

Қазақстанның табиғи және техногендік сипатындағы тәуекелдерге ұшырағыштығын ескере отырып, бүгінгі күні сақтандыру секторының тұрақты жұмыс істеуіне апаттық сипатындағы тәуекелдер, атап айтқанда жер сілкінісі, өндірістік апаттар ең көп қауіп төндіреді. Жағдайды талдау Қазақстанда техногендік және табиғи сипатындағы апаттық оқиғалар басталуы нәтижесінде болған шығындарды қалпына келтіру, ескерту және салдарын жою жүйесі жеткіліксіз дамыған.

Отандық сақтандыру нарығының бүгінгі күні ірі апаттық тәуекелдерді сақтандыруға қабылдау үшін жеткілікті сыйымдылығы жоқ, осыған орай осындай тәуекелдерді Қазақстан Республикасының резидент еместеріне қайта сақтандыруға беру объективтік қажеттілігі орын алады.

### *4-стратегиялық бағыт. Бағалы қағаздар нарығын дамыту*

#### *4.1 Саланы дамытудың негізгі өлшемдері*

Еліміздің қаржы нарығында 2010 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 78 брокер–дилер, 10 тіркеуші, 10 кастодиан банк, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын 15 ұйым, 43 инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі - ИПБ), 3 трансфер-агент жұмыс істейді.

### Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымы

Қазақстанның қажетті инфрақұрылымын қамтамасыз ететін бағалы қағаздар нарығының негізгі институттары «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – KASE), «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ, сондай-ақ брокерлерді және (немесе) дилерлерді, тіркеушілерді және кастодиан банктерді қоса алғанда, нарықтың кәсіби қатысушылары болып табылады. Бұдан басқа, бағалы қағаздар нарығында зейнетақы активтерін инвестициялық басқарушылар, ИПБ мен трансфер-агенттер кәсіби қызметін жүзеге асырады.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының жиынтық активтері 2010 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ағымдағы жыл басымен салыстырғанда 6,5%-ға төмендеп, 166,1 млрд. теңгені құрады. Жиынтық міндеттемелер 31,5 млрд. теңге құрады (төмендеуі - 43,3%).

### Қор нарығы

Қазақстандағы қор нарығы жағдайының негізгі индикаторы KASE–де көрініс тапқан ұйымдастырылған нарық болып табылады.

KASE–де айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың негізгі үлес салмағы борыштық бағалы қағаздарға –48,9% (255 шығарылым) келеді. Акциялар мен мемлекеттік бағалы қағаздар секторлары бойынша – тиісінше 18,8% (98 шығарылым) және 31,7% (165 шығарылым). Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарының үлесі 0,4% (2 шығарылым) құрайды. Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,2% (1 шығарылым) келеді.

Акциялар мен облигациялар нарықтарының капиталдануы жыл басынан тиісінше 5,8% және 6,2% төмендеген. Бұл ретте KASE ресми тізіліміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздар нарығының жалпы капиталдануы 2010 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 10 958,1 млрд. теңге құрады.

2010 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша KASE ресми тізіліміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздар нарығының жалпы капиталдануы ағымдағы жыл басынан 6 % төмендеді.

2010 жыл басынан мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелер көлемі 437,5 млрд.теңге болды, оның негізгі үлесін «репо» мәмілелері - 42,8% және қайталап орналастыру – 37,6% алады.

Инвестициялық пай қорларының және акционерлік инвестициялық қорларының жиынтық активтері 2010 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша тиісінше 231,6 млрд. теңге мен 28,5 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте инвестициялық пай қорларының активтері 2010 жылғы 3 тоқсанында 9,2 % төмендеді, ал акционерлік инвестициялық қорлардың активтері 2,3% ұлғайды.

Инвестициялық пай қорларының жиынтық инвестициялық портфелінде 2010 жылғы 1 қазанда негізгі үлесті акционерлік қоғамы болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар алады, оның үлесіне 67,6% келеді, осыған ұқсас кезеңде екінші деңгейдегі банктердегі салымдар 9,9% құрайды, ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары 7,1% құрайды, ал шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары - 1,0%.

#### *4.2. Негізгі проблемаларды талдау*

Бағалы қағаздар нарығы еліміздің экономикасының дамуының басым бағыттарының бірі болып табылады, өйткені жеке және институционалды инвесторлардың уақытша бос қаражатын жинақтауға және оларды экономиканың нақты секторына жіберуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта қор нарығы бағалы қағаздары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа жіберілген эмитенттердің дефолт тәуекелінің өсуімен, қатысушылардың «репо» операциялары нарығында міндеттемелерін орындамау фактілерінің болуымен, қор нарығына деген сенімсіздігінің артуына байланысты инвесторлардың әсіресе жеке тұлғалар белсенділігінің төмендеуінен туындаған әлемдік қаржы дағдарысының салдарын және оның нәтижесі ретінде биржалық айналымының төмендеуін бастан кешуде. Атап айтқанда, мемлекеттік бағалы қағаздармен және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен биржалық мәмілелер көлемі 2010 жылғы 3 тоқсанда тиісінше 10,2% және 1,1% төмендеді.

Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының дамуына кедергі келтіретін негізгі проблема ұйымдастырылған қор нарығына шығатын эмитенттердің және инвесторлар санының жеткіліксіз болуына байланысты ішкі қор нарығы өтімділігінің төмен деңгейі болып табылады.

Осыған байланысты отандық қор нарығының белсенділігін артыру мақсатында қор нарығында инвесторлар мен эмитенттердің белсенділігін, инвесторлардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын және олардың отандық қор нарығында болып жатқан инвестициялық үдерістерге сенімділігін арттыруды қамтамасыз ететін тетіктерді жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруды жалғастыру жоспарланады.

Ағымдағы жағдайда қаржы құралдарының, оның ішінде белсенді сауда-саттығы жоқ қаржы құралдарының құнын тәуелсіз бағалаудың барабар жүйесінің болмауы мәселесі аса маңызды болып табылады, өйткені осындай қаржы құралдарының әділ құнын бағалау мүмкін емес, бұл инвестор үшін тосқауыл факторы болып табылады, өйткені оларға қор нарығында дұрыс бағыт алу мен өз инвестицияларының нәтижесін болжау қиын. Осыған байланысты қаржы құралдарының әділ бағасын анықтау әдістемесін және оның іс жүзінде пайдалану тетіктерін жетілдіру бойынша жұмыс жалғастырылады.

Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын жетілдіру аясында маңызды міндеттердің бірі қарсы агенттердің жасалатын мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін орындамауын болдырмау мақсатында ұйымдастырылған нарықта жасалатын қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есептеу жүйесін жетілдіру болып табылады. Осы мақсатта бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрі ретінде «қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін» заңнамалық деңгейде тану және осы қызмет түрін жүзеге асыруға құқылы болатын ұйымдарға талаптарды анықтау жоспарланады.

Сонымен қатар, туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жасайтын инвесторлардың құқықтары мен міндеттерін қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру, инвесторда күрделі туынды қаржы құралдарының сипаттамасы туралы және оларға тән тәуекелдері туралы ақпараттың жеткіліксіз болуына байланысты шығындар тәуекелін төмендету бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады.

Жалпы осы бағыт бойынша реттеушінің қызметі эмитенттерді және инвесторларды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығына шығуға ынталандыратын және қор нарығындағы жұмыс барсында олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайларды жасауға бағытталады.

#### *4.3 Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау*

Бағалы қағаздар нарығының дамуы республикадағы жалпы экономикалық жағдайға тікелей байланысты болады және өкілдері бағалы қағаздар нарығы арқылы инвестицияларды тартатын сол немесе өзге экономика секторында орын алған проблемаларды айнадағыдай көрсетеді. Мысалы, әлемдік қаржы дағдарысы тудырған проблемалар эмитенттердің қаржылық ахуалын төмендетті, соның салдарынан эмитенттердің шығарылған және ұйымдастырылған қор нарығында қаржы құралдары бойынша дефолттар тәуекелінің өсуі және соның салдары ретінде инвесторлардың жалпы республиканың бағалы қағаздар нарығына деген сенімсіздігін туғызды.

Эмитенттердің бағалы қағаздарды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыру арқылы қаражатты тартуға қызығушылығының жеткіліксіздігі банктік кредиттеудің бұрынғыдай бизнесті дамыту үшін қаражат тартудың ең танымал тәсіл болып қалуымен түсіндіруге болады, өйткені банктік кредитті ресімдеу және алу схемасы қарапайым және ақпаратты көпшілік алдында ашуды талап етпейді. Облигациялық заемдар қор нарығында өз кезегінде өзінің артықшылықтарына қармастан, қазақстандық эмитенттердің арасында қаржыландырудың негізгі тәсілі болып табылмайды, өйткені инвесторлардың арасында және эмитенттің қаржылық тұрақтылығы үшін ақпаратты жүйелі түрде жария етуді талап етеді.

Отандық қор нарығының дамуына ықпал ететін маңызды фактор эмитенттердің және инвесторлардың ішкі қор нарығында сауданы белсенді етуіне, қазақстандық эмитенттердің (ұлттық компаниялардың) отандық қор нарығында бастапқы жария орналастыруды жүргізуіне салықтық ынталандыру болып табылады, бұл өз кезегінде ішкі қор нарығының тиімді жұмыс істеуін және өтімділігін қамтамасыз етеді.

Ішкі ұйымдастырылған қор нарығында айналыста жүрген қаржы құралдарының саны аз болғандықтан, сондай-ақ ең өтімді қаржы құралдары халықаралық нарықтарда айналыста болуы фактісін ескере отырып, әлемдік сауда алаңдарындағы жағдайдың өзгеруі республиканың ішкі қор нарығында да өзгерістерге әкеледі, бұл инвесторлардан жағдайдың мониторингін республика ішінде ғана емес, одан тыс жерлерде де жүргізуді талап етеді.

### *5-стратегиялық бағыт. Жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту*

#### *5.1 Саланы дамытудың негізгі өлшемдері*

Еліміздің қаржы нарығында 13 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – ЖЗҚ), 15 зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым жұмыс істейді.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2010 жылғы 1 қарашада жыл басынан 199 569 бірлікке (2,6%) өсіп, 7931 697 болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2010 жылғы 1 қарашада 39 801 болды, жыл басынан 1 881 бірлікке (4,5%) төмендеумен. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 4 051 болды, жыл басынан 25 бірлікке (0,6%) азаюмен.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2010 жылғы қаңтар - қарашада 308,2 млрд. теңгеге (16,6%) өсіп, 2010 жылғы 1 қарашада 2 1680,7 млрд. теңге болды.

Жалпы зейнетақы жарналарының келіп түсуі ағымдағы жыл басынан 261,9 млрд. теңгеге (17,6%) көбейіп, 2010 жылғы 1 қарашада 1 750,7 млрд. теңге болды.

Салымшылардың (алушылардың) шоттарына есепке алынған зейнетақы активтерді инвестициялаудан «таза» инвестициялық кірістің сомасы (комиссиялық сыйақыларды шегергенде) 2010 жылғы 1 қарашада 545,5 млрд. теңге болды. Ағымдағы жыл басынан «таза» инвестициялық кірістің өсімі 63,8 млрд. теңге (13,2%) болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ағымдағы жыл басынан 45,2 млрд. теңгеге (34,2%) өсіп, 177,4 млрд. теңгені құрады.

Алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын сақтандыру ұйымдарына зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес аударымдар 4 511 алушыға жалпы сомасы 8,9 млрд. теңгеге жүзеге асырылды. Алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарына аударымдардың жалпы сомасы 2010 жылғы 1 қарашада 12,7 млрд. теңге құрады.

2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жыл басынан 309,2 млрд.теңгеге немесе 16,6% өсіп, 2 170,0 млрд. теңге құрады.

2010 жылғы 1 қарашада инвестицияланған зейнетақы активтерінің үлесі ағымдағы жыл басынан 290,8 млрд. теңгеге немесе 15,8% өсіп, 2 130,4 млрд. теңге құрады. 2010 жылғы 1 қарашада инвестициялық портфельде ең көп үлесті Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары және Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары алады - 81,5%. Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына инвестициялардың үлесі 2010 жылғы 1 қарашада 2010 жылғы 1 қаңтарға қарағанда 12%-дан 7,9%-ға дейін төмендеді.

ЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі 12, 36 және 60 айлық кезеңіне есептелетін номиналды кіріс коэффициентімен сипатталады. Номиналды кіріс коэффициенті жинақтаушы зейнетақы қорының мынадай көрсеткіштеріне байланысты болады: инвестициялық кіріс, зейнетақы жарналары, өсімпұл және айыппұл сомалары, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығының жағдайын сипаттайтын көрсеткіштерді қоса алғандағы басқа да жанама құрамдас көрсеткіштері. 2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша «Зейнетақы активтерінің кірістілігі» пруденциалдық нормативтері барлық жинақтаушы зейнетақы қорларымен орындалады.

Қорлардың жиынтық капиталы 2010 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 81,6 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал 44,1 млрд. теңге немесе жиынтық капиталының жалпы көлемінің 54% құрады. Активтердің жалпы сомасы 2010 жылғы 1 қарашада қорлар бойынша 86,7 млрд. теңге болды.

## *5.2. Негізгі проблемаларды талдау*

Жинақтаушы зейнетақы қорларының активтері көлемінің жүйелі түрде келіп түсетін салымшылардың міндетті зейнетақы жарналары есебінен өсуі инвестициялау үшін сапалы, оның ішінде кірістілікті жинақтауға қабілетті объектілерді талап етеді.

